



010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 75 44 11, факс: 8(7172) 75 40 80, 75 40 00
e-mail: mid@mid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Қабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 75 44 11, факс: 8(7172) 75 40 80, 75 40 00
e-mail: mid@mid.gov.kz

№ исх: 01-26/Д-253-И от: 16.02.2017

№

2017 жылғы 25 қаңтардағы
№ ДС-16 депутаттық сауалға

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары**

**«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері**

**К.И. Мұсырманға
Б.Б. Мамраевқа
М.А. Айсинаға
З.Ж. Аманжоловаға
Б.Қ. Хаменоваға**

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Сіздердің полиэтилен құбырларының сапасын арттыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Көп реттік және ерікті пайдалану мақсатында тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге ережелер мен сипаттамалар стандарттарда белгіленген.

Хатта келтірілген МЕМСТ 18599–2001, МЕМСТ 5762–2002 халықаралық стандарттарға және ҚР СТ ГОСТ Р 50838-2011 ұлттық стандартқа сәйкес тасымалдау мен сақтау шарттары сақталған кезде құбырлардың кепілдік мерзімі шығарылған күнінен бастап екі жылды құрайды.

Стандарттарға өзгерістер енгізу Министрліктің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

ССИ-05-2015 «Сумен қамту, су тарату және газбен қамту жүйелеріне арналған құбырлық арматура» үкіметтік емес стандартты өндіріске енгізуге қатысты «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес үкіметтік емес стандарт – Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымы әзірлеген және бекіткен стандарт, бұл ретте сапа көрсеткіштері белгіленген үкіметтік емес стандарттарда белгіленген ұлттық, аймақтық және халықаралық стандарттардан төмен болмауы қажет, сондай-ақ оларды қайталамауы керек екенін хабарлаймыз.

Министрліктің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 344 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес үкіметтік емес стандарттардың таратуға әзірлеушінің авторлық құқығы бар және үкіметтік емес қатысушы мүшелерінің қолданылуына жатады.

Сонымен бірге, айналымға шығару бұл өнім КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарға сәйкес сәйкестігін міндетті растауға жатады.

Мемлекеттік сатып алуды іске асыру қажет болған жағдайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес техникалық ерекшелікте сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланылатын сипаттамаларын көрсету үшін қажет болған кезде нормативтік-техникалық құжаттама, оның ішінде үкіметтік емес стандарттар көрсетіледі.

Кеден баждарын төмендету бойынша мәселеге қатысты 2015 жылы «Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне полиэтиленнің жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы» ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 132 шешімінің шеңберінде Қазақстан Республикасына 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде, көлемі 100 мың тоннадан аспайтынды қоса алғанда, түйіршіктегі полиэтилен әкеліміне кеден бажы төмендетілгенін хабарлаймыз.

2015 жылдың соңына дейін пластмассадан құбыр өндіретін 8 отандық кәсіпорын үшін көлемі 11 831,12 тонна полиэтилен әкеліміне нөлдік баж бойынша рұқсат берілді (*ЕЭК осы шешімі шеңберінде жалпы көлемінен барлығы - 11,8% тасып әкелінді*).

Полимер құбырларының өндірісі үшін шикізат әкеліміне кеден бажын төмендетуге 2016 жылы және қазіргі уақытта отандық кәсіпорындардан ұсыныстар келіп түскен жоқ.

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі**

Ж. Қасымбек

№ исх: 01-26/Д-253-И от: 16.02.2017

*На депутатский запрос № ДС-16
от 25 января 2017 года*

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

**Членам фракции партии
«Нұр Отан»**

**Мұсырман К.И.
Мамраев Б.Б.
Айсина М.А.
Аманжолова З.Д.
Хаменова Б.К.**

Уважаемые депутаты!

Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее-Министерство), рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно повышения качества полиэтиленовых труб, сообщает следующее.

Правила и характеристики к товарам, работам, услугам в целях многократного и добровольного использования установлены в стандартах.

Согласно приведенным в письме межгосударственным стандартам ГОСТ 18599-2001, ГОСТ 5762–2002 и национальному стандарту СТ РК ГОСТ Р 50838-2011 при соблюдении условий транспортирования и хранения, гарантийный срок труб составляет два года со дня изготовления.

Внесение изменений в стандарты осуществляется в соответствии с Правилами, утвержденными приказом Министерства от 28 декабря 2012 года №495.

Касательно введения в производство неправительственного стандарта ССИ-05-2015 «Трубопроводная арматура для водоснабжения, водоотведения и газоснабжения» сообщаем, что в соответствии с Законом Республики Казахстан «О техническом регулировании» неправительственный стандарт - стандарт, разработанный и утвержденный некоммерческой организацией Республики Казахстан, при этом показатели качества, установленные в неправительственных стандартах должны быть не ниже установленных национальными, региональными и международными стандартами, а также не должны их дублировать.

Согласно Правилам, утвержденным приказом Министерства от 28 сентября 2012 года № 344 неправительственные стандарты имеют авторское право разработчика на распространение и подлежат использованию членами-участниками неправительственной организации.

Вместе с тем, перед выпуском в обращение данная продукция подлежит обязательному подтверждению соответствия согласно требованиям технического регламента Таможенного союза ТР ТС 010/2011 «О безопасности машины оборудования».

В случае необходимости реализации государственных закупок в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственных закупках» в технической спецификации при необходимости для указания требуемых функциональных, технических, качественных и эксплуатационных характеристик закупаемых товаров, работ, услуг указывается нормативно-техническая документация, в т.ч. неправительственные стандарты.

По вопросу снижения таможенной пошлины сообщаем, что в 2015 году рамках Решения Совета ЕЭК от 12 ноября 2014 года №132 «О внесении изменений в некоторые решения Комиссии Таможенного союза в отношении отдельного вида полиэтилена» были снижены таможенные пошлины на ввозимый полиэтилен в гранулах в Республику Казахстан в период с 1 января по 31 декабря 2015 г. включительно, в объеме не более 100 тыс. тонн.

До конца 2015 года выданы разрешения на ввоз полиэтилена по нулевой пошлине в размере 11 831,12 тонн для 8 отечественных предприятий производителей труб из пластмасс (*завезено всего -11,8% от общего объема в рамках данного решения ЕЭК*).

Предложений по снижению таможенной пошлины на ввоз сырья для производства полимерных труб в 2016 году и по настоящее время от отечественных предприятий не поступало.

**Министр
по инвестициям и развитию
Республики Казахстан**

Ж. Қасымбек

*Исп.: А.Ахтаева
тел: 27-07-11
a.akhtayeva@mid.gov.kz.*